

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау жөнінде конкурстық комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 мамырдағы № 539 қаулысы

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2013 № 923 қаулысымен (29.05.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау жөнінде конкурс өткізу үшін мынадай құрамда комиссия құрылсын:

Т ең г е б а е в Ардақ Мырзабайұлы	–	Қазақстан Республикасының	Қаржы вице-министрі, төраға
Б и н и я з о в Дархан Берікұлы	–	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бюджеттік кредиттеу, Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры және қаржы секторы мәселелері бойынша өзара іс-қимыл департаменті директорының орынбасары, төрағаның орынбасары	
Қ ұ с а й ы н о в Марат Әпсеметұлы	–	Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі	
Б а й м а ғ а м б е т о в Ақылжан Мәлікұлы	–	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Монетарлық операциялар департаментінің директоры (келісім бойынша)	
З е й н е л ғ а б д и н Алтай Болтайханұлы	–	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі (келісім бойынша)	
С а ғ и е в Ильдар Ізтұрғанұлы	–	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімінің меңгерушісі (келісім бойынша)	
А с т а е в Ертарғын Кәкімбекұлы	–	Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы (келісім бойынша)	
С а б и л ь я н о в Нұртай Салихұлы	–	Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі (келісім бойынша)	
Б а й ғ о ж и н а Айгүл Мырзатайқызы	–	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті төрағасының орынбасары	

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.09.2013 № 923 қаулысымен (29.05.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Конкурстық комиссия заңнамада белгіленген тәртіппен 2013 жылғы 1 қыркүйекке дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 2013 – 2014 жылдарға арналған жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау жөнінде конкурс өткізсін және оның нәтижелері бойынша конкурс жеңімпазын а й қ ы н д а с ы н .

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2013 № 923 қаулысымен (29.05.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі С. Ахметов